



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 24 мамырдағы № ДС-192***Құрметті депутаттар!**

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғаудың проблемалық мәселелері туралы Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қолдау туралы

Жоғарыда аталған санаттағы азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктері «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңмен (*бұдан әрі – СЯСП туралы заң*), сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы басқа да заңнамалық актілермен реттеледі.

СЯСП туралы заңда зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қолдаудың бірқатар басқа шаралары көзделген. Зардап шеккен халықтың болжамды саны 1,438 млн адам.

Ядролық сынақтарды жүргізу кезінде радиациялық әсерге ұшыраған аймақтарда тұрған және тұратын азаматтарға ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін 1949 жылдан 1990 жылға дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонының аумақтарында тұрған әрбір толық жыл үшін радиациялық тәуекел аймақтары бойынша біржолғы ақшалай өтемақы кепілдендіріледі.

Бүгінгі таңда 1,1 миллионнан астам азамат біржолғы ақшалай өтемақы алды, өтемақы мөлшері тұратын аймағы мен кезеңіне байланысты жеке анықталады. Зардап шеккен азаматтардың көпшілігі осы әлеуметтік қолдауды енгізудің алғашқы жылдарында айтарлықтай мөлшерде өтемақы алды, бұл көптеген адамдарға материалдық жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңда 1949 жылғы 29 тамыз бен 1963 жылғы 5 шілде аралығында төтенше және ең жоғары радиациялық тәуекел аймақтарында кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың жасына байланысты зейнетақы төлемдерін жеңілдікпен тағайындауға құқығы бар (*ерлер – 50 жас, әйелдер – 45 жас*).

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес себеп-салдарлық байланыс белгіленген жағдайда ядролық жарылыстар мен сынақтар

жүргізу кезінде радиациялық әсер ету салдарынан, олардың зардаптарынан мүгедектігі бар адамдарға, айлық мөлшері халықтың басқа санаттарынан жоғары мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады (*бірінші топ үшін – 3,22 күнкөріс деңгейі (ЕТКД), екінші топ үшін – 2,75 ЕТКД, үшінші топ үшін – 2,31 ЕТКД*).

Аталған азаматтарды әлеуметтік қолдауды одан әрі жетілдіру шаралары есептеулерді зерделеп, жүргізгеннен кейін қабылданатын болады.

Зардап шеккен азаматтарды кешенді медициналық тексеру бойынша

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар СЯСП туралы Заңға сәйкес кешенді медициналық тексеруден өтеді.

Осыған байланысты, олар тұрғылықты жері бойынша емделуден басқа, ТМҚК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде тіркелген жері бойынша емхананың жолдамасы бойынша «Семей медициналық университеті» КЕАҚ қарасты Радиациялық медицинаны және экологияны ғылыми-зерттеу институты жағдайында консультациялық-диагностикалық және стационарлық көмек ала алады.

Сондай-ақ, радиациялық аурудан басқа, иондаушы сәулеленудің әсеріне байланысты аурулардың тізіміне жедел және созылмалы лейкемия, қатерлі ісіктер, жүрек-қан-тамыр жүйесінің, қан және қан түзуші органдардың аурулары (агранулоцитоз, гипопластикалық және апластикалық анемия), қалқанша без (аутоиммунды тиреоидит, диффузды түйіндік зоб), травматикалық, тамырлы және инфекциялық генездің энцефалопатиясына байланысты емес ақыл-ой кемістігі, микроцефалия; бет бас сүйегінің ақаулары, тірек-қимыл жүйесінің ақаулары.

Аталған аурулары бар пациенттер тұрғылықты жері бойынша көп бейінді қалалық, облыстық ауруханалардың мамандандырылған бөлімшелерінде немесе еркін таңдау құқығы бойынша аурудың бейіні бойынша республикалық ұйымдарда ем ала алады.

Әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге қатысты

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен (*бұдан әрі – Министрлік*) Семей полигоны қызметінің салдарынан зардап шеккен халықты және олардың ұрпақтарын медициналық-әлеуметтік қорғаудың атаулылық қағидатын іске асыру үшін **2017 – 2019 жылдар аралығында** «Семей ядролық сынақ полигоны қызметінің салдарынан иондаушы сәулелену әсеріне ұшыраған халық үшін қорғау және оңалту іс-шараларының тиімділігін бағалау» тақырыбында зерттеу жұмысы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша халықтың және олардың ұрпақтарының денсаулығына келтірілген залалды бағалау сәулеленудің жеке дозасына негізделуге тиіс, осыған байланысты медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің көлемі мен сипаты радиациялық қауіп аймағына емес, сәулеленудің жеке дозасының мөлшеріне байланысты және атаулы сипатта болуға тиіс.

Осылайша ғылыми сарапшылар сәулеленудің жеке дозасының мөлшеріне байланысты медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұсынды. Бұл алынған жеке сәулелену дозалары бойынша әлеуметтік қолдау көрсетуге атаулы түрде жақындауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте әлеуметтік қорғау жөніндегі әрбір іс-шараны жүзеге асырудың алдында сәулелену дозаларын білікті сараптамалық бағалау жүргізілуі тиіс, осыған байланысты Мемлекеттік ғылыми автоматтандырылған медициналық тіркелім (*бұдан әрі - МФМЖ*) әзірленді.

МФАМТ-де тіркелген және бүгінде ел аумағында тұратын зардап шеккендер мен олардың ұрпақтарының арасында үш жас топтары қалыптасты:

1. зардап шеккендердің I буыны – полигонда атмосфералық және жер үсті сынақтарын жүргізу кезеңінде СЯСП-ға іргелес аумақтарда тұратын және тиісінше неғұрлым маңызды радиациялық әсер алған адамдар.

2. зардап шеккендердің II буыны – полигонда жерасты сынақтарын жүргізу кезеңінде СЯСП-ға іргелес аумақтарда тұратын адамдар.

3. зардап шеккендердің III буыны – СЯСП сынақтар тоқтатылғаннан кейін туған адамдар.

Алдын ала нәтижелер бойынша бүгінгі күні Қазақстан Республикасында 1 438 523 адам тұрады, оның ішінде 607 241 адам (42,2%) полигон қызметінің нәтижесінде дозалық жүктеме алған жоқ.

Осылайша, МФАМТ-нің толыққанды қызметі үшін тиісті шаралар қабылдануда.

Радиациялық ластанған аумақтарды оңалту жөніндегі шаралар туралы

Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінде «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Заң жобасы қаралуда.

Ол бұрынғы СЯСП және оған жақын жатқан жерлердің аумағында радиациялық және экологиялық қауіпсіздіктің тиісті дәрежесін, бұрынғы СЯСП жерлерін пайдалану мәселелеріндегі мемлекеттік бақылауды күшейтуді қамтамасыз ету, аумақты оңалту, елдің ғылыми әлеуетін дамыту, ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымдарын нығайту мақсатында әзірленді.

Заң жобасын қабылдау СЯСП аумағын қауіпсіз күйге келтіруге қажетті шараларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы Сіздер көтерген мәселелер үнемі Үкіметтің және уәкілетті органның бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

Копия электронного документа.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

на № ДС-192 от 24 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно проблемных вопросов социальной защиты граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, сообщаем следующее.

По вопросу социальной поддержки пострадавших граждан

Права и социальные гарантии выше названной категорий граждан регулируются Законом «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне» (далее – Закон о СИЯП), а также иными законодательными актами в области пенсионного и социального обеспечения Республики Казахстан.

Законом о СИЯП предусмотрен ряд конкретных мер социальной поддержки пострадавших граждан. Прогнозная численность пострадавшего населения составляет 1,438 млн человек.

Гражданам, проживавшим и проживающим в зонах, подвергшихся радиационному воздействию при проведении ядерных испытаний, за ущерб, причиненный ядерными испытаниями, гарантируется единовременная денежная компенсация за каждый полный год проживания на территориях Семипалатинского испытательного ядерного полигона в период с 1949 года по 1990 год по зонам радиационного риска.

На сегодняшний день единовременную денежную компенсацию получили свыше 1,1 миллиона граждан, размер компенсации определяется индивидуально в зависимости от зоны и периода проживания. Большинство из пострадавших граждан получили компенсацию в первые годы введения данной социальной поддержки в значительных размерах, что позволило многим улучшить материальное положение.

Законом «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» установлено, что граждане, проживавшие в зонах чрезвычайного и максимального радиационного риска в период с 29 августа 1949 года по 5 июля

1963 года не менее 5 лет, имеют право на льготное назначение пенсионных выплат по возрасту (*мужчины – 50 лет, женщины – 45 лет*).

Также, согласно Закону «О государственных социальных пособиях по инвалидности и по случаю потери кормильца в Республике Казахстан» лицам, с инвалидностью вследствие радиационного воздействия при проведении ядерных взрывов и испытаний, их последствий при условии установления причинно-следственной связи назначается государственное социальное пособие по инвалидности, месячные размеры которых выше других категорий населения (*для первой группы – 3,22 прожиточного минимума (ПМ), для второй группы – 2,75 ПМ, для третьей группы – 2,31 ПМ*).

Меры дальнейшего совершенствования социальной поддержки указанных граждан будут приняты после изучения и проведения расчетов.

По вопросу комплексного медицинского обследования пострадавших граждан

В соответствии с Законом о СИЯП граждане, пострадавшие вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, подлежат комплексному медицинскому обследованию.

Вместе с тем, кроме лечения по месту жительства вышеуказанные лица могут получить консультативно-диагностическую и стационарную помощь в условиях Научно-исследовательского института радиационной медицины и экологии при НАО «Медицинский университет Семей» (*далее - НИИ радиационной медицины*) в рамках ГОБМП и (или) системе ОСМС по направлению поликлиники по месту прикрепления.

Также сообщаем, что в перечень заболеваний, связанных с воздействием ионизирующего излучения, кроме лучевой болезни входят острый и хронический лейкоз, злокачественные новообразования, заболевания сердечно-сосудистой системы, крови и кроветворных органов (агранулоцитоз, гипопластическая и апластическая анемия), щитовидной железы (аутоиммунный тиреоидит, диффузный узловой зоб), умственная отсталость, не обусловленная энцефалопатией травматического, сосудистого и инфекционного генеза, микроцефалия; пороки развития лицевого черепа, пороки развития костно-мышечной системы.

Пациенты с указанными заболеваниями могут получать лечение в специализированных отделениях многопрофильных городских, областных больниц по месту жительства или республиканских организаций по профилю заболевания по праву свободного выбора.

Касательно выработки конкретных предложений по совершенствованию мер социальной поддержки

Министерством труда и социальной защиты населения (*далее - Министерство*) для реализации принципа адресности медико-социальной защиты населения, пострадавшего в результате деятельности Семипалатинского полигона, и их потомков **в период с 2017 по 2019 годы** проводилась исследовательская работа на тему «Оценка эффективности защитных и реабилитационных мероприятий для населения, подвергнувшегося действию ионизирующего излучения в результате деятельности Семипалатинского испытательного ядерного полигона».

По результатам исследований определено, что оценка ущерба здоровью декретированного населения и их потомков основана на индивидуальной дозе облучения, в связи с чем объем и характер оказания медико-социальной помощи должны зависеть не от зоны радиационного риска, а от величины индивидуальной дозы облучения и носить адресный характер.

Так, научными экспертами предложено оказывать медико-социальную помощь в зависимости от величины индивидуальной дозы облучения. Это позволит адресно подойти к оказанию социальной поддержки по полученным личным дозам облучения.

При этом, осуществлению каждого мероприятия по социальной защите должна предшествовать квалифицированная экспертная оценка доз облучения, в связи с чем разработан Государственный научный автоматизированный медицинский регистр (*далее - ГНАМР*).

Среди пострадавших и их потомков, зарегистрированных в ГНАМР и проживающих сегодня на территории страны, сформированы три возрастные группы:

1. I поколение пострадавших – лица, проживавшие на территориях, прилегающих к СИЯП, в период проведения на полигоне атмосферных и наземных испытаний и, соответственно, получивших наиболее значимое радиационное воздействие.

2. II поколение пострадавших – лица, проживавшие на территориях, прилегающих к СИЯП, в период проведения на полигоне подземных испытаний.

3. III поколение пострадавших – лица, родившиеся после прекращения испытаний на СИЯП.

По предварительным результатам, на сегодняшний день в Республике Казахстан проживает 1 438 523 человека, из них 607 241 человек (42,2%) не получили дозовую нагрузку в результате деятельности полигона.

Таким образом, принимаются соответствующие меры для полноценной деятельности ГНАМР.

О мерах по реабилитации радиационно-загрязненных территорий

В настоящее время на рассмотрении Мажилиса Парламента находится проект Закона «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности».

Он разработан в целях обеспечения надлежащего уровня радиационной и экологической безопасности на территории бывшего СИЯП и прилегающих к нему земель, усиления государственного контроля в вопросах использования земель бывшего СИЯП, реабилитации территории, развития научного потенциала страны, укрепления позиций Республики Казахстан в вопросах мирного использования ядерной энергии.

Принятие законопроекта позволит обеспечить необходимые меры по приведению территории СИЯП в безопасное состояние.

В целом поднимаемые Вами вопросы находятся на постоянном контроле Правительства и уполномоченного органа.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Смаилов